

2011 жылы шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың тіркелуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 18 шешімі. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 қаңтарда № 9-1-163 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және" өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес және "Әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 3-тармағының негізінде, азаматтарды әскери есепке алу, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін және денсаулық жағдайын анықтау, жалпы білім деңгейін және мамандығын белгілеу және дене даярлығы деңгейін анықтау, әскерге шақырушыларды алдын-ала белгілеу, әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарды іріктеу мақсатында **ШЕШТІМ:**

1. Тіркелу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын 2011 жылғы қаңтар-наурызда "Қостанай қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркелу ұйымдастырылсын және өткізілсін.

2. "Қостанай қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша) "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығымен бірге (келісім бойынша) тіркеу жөніндегі іс-шараларды өткізу ұсынылсын.

3. "Қостанай қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша) "Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірге әскери-оқу орындарына кандидаттарды іріктеу үшін нарядты оқу орындарына жеткізсін, әскери-оқыту орындары бойынша бастапқы әскери даярлықтың ұйымдастырушы-оқытушыларды анықтамалық материалдармен қамтамасыз етсін, олардың жұмыстарын бұқаралық ақпараттық құралдары арқылы ұйымдастырсын, әскери-оқу орындарына кандидаттарды іріктеу бойынша жұмыстың басталуы туралы хабарландыру берсін. Тіркеу кезеңінде әскери-оқу орындарына түсуге әскери-кәсіптік бағыттау мақсатында әр әскерге шақырылушымен жеке әңгімелесу ө т к і з с і н .

4. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы 2011 жылғы қаңтар-наурызда тіркеуді ұйымдастыру және өткізумен байланысты іс-шаралардың қаржыландыруын Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген

тәртіппен "Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шегіндегі іс-шаралар" 122005 бюджеттік бағдарлама бойынша қаржыландыру жиынтық жоспарында көзделген қосымша қаражаттың есебінен қамтамасыз етсін.

5. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары М. Жұрқабаевқа жүктелсін.

Қостанай қаласының әкімі

Ж. Нұрғалиев

КЕЛІСІЛГЕН

"Қостанай облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- М. Жүндібаев

2010.23.12 ж.

"Қостанай қаласының қорғаныс істері
жөніндегі басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
----- Ө. Өтебасов

2010.23.12 ж.